*Хаттама №1*

*Күн тәртібінде:*

*1. 2020-2021 оқу жылындағы ӘБ жұмысының талдауы. 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған ӘБ –ң тапсырмалары мен мақсаты*

*2. 2021-2022 оқу жылындағы тақырыптық – күнтізбелік жоспарды, ӘБ жұмыс жоспарын бекіту*
*3. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу*
*4. «Таным» пән бірлестігі апталығының жоспарлануы*
*6. 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ге, 9 сынып оқушыларының ББЖС –на дайындық жоспарын құру*

*Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінің «Таным» пән бірлестігінің отырысы болып өтті. Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі С.Уразбаева 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың талдауымен таныстырды. Былтырғы оқу жылында жеткен жетістіктер, өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет бере келе, бірлестік мүшелері аудандық марапаттарға ие болғанын тілге тиек етті. Талдау соңынан биылғы оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстырды.*

*Келесі мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Г.Баймаханова биылғы оқу жылындағы мұғалімдердің сағат сандарымен таныстырды және күнтізбелік жоспарларын бекітуді ұсынды.*

*С.Маханов-Жалпы 8 сағат жүктемемен;*

*Д.Смайлов- 7б сыныбы- 3 сағат, 8а,б сыныбы-6 сағат және 9а,б-8сағат;10а-құқық 1сағат барлығы 18 сағат жүктемемен;*

*С.Уразбаева- 11а,б сыныптары-8 сағат, 10а,б сыныбы-7сағат, 6-сыныптан 3 сағат-барлығы 18 сағат жүктемемен;*

*А.Жаппарбеков- 5а,б сынып-6 сағат, 6сынып-2сағат жаратылыстану, 7а сынып-3 сағат,10 б-1 сағат құқық, 11а-сыныбы-1 сағат құқық, 7-сыныпта 1 таңдау сабағымен барлығы 17 сағат жүктемемен;*

*Г.Серімбет -7а,б-4 сағат,8а,б-4 сағат,9а,б-4сағат, 10а-2 сағат, 10 б-1сағат,11а-2сағат, 11бсынып-1 сағат,барлығы 18 сағат жүктемемен;*

*А.Анасова 7а,б-2 сағат,8а,б-4 сағат,9 а,б- 4 сағат, 10а-2 сағат,10 б- 1 сағат, 11а- 2 сағат. 11б-1 сағат жалпы 16сағат жүктемемен ;*

*М.Үсетаев - 7а,б-4 сағат,8а,б-4 сағат,9 а,б- 4 сағат, 10а-2 сағат,10 б- 1 сағат, 11а- 2 сағат. 11б-1 сағат жалпы 18сағат жүктемемен ;*

*Г.Арысбаева 1сынып-1сағат, 5а,б сынып-2сағат, 6сынып-1сағат, 7а,б сынып-2сағат, 8а,б сынып-2сағат,9а,б сынып-2 сағат, 10а,б сынып-2сағат,11а,б сынып-2 сағат жалпы 12 сағат*

*Барлық мұғалімдердің тақырыптық күнтізбелік жоспарлары талапқа сай 130-бұйрық бойынша жасалынғанын, сағат сандары, оқу мақсаттары мен бөлімдері бағдарлама бойынша дұрыс жазылғанын мәлімдеп, бекітуге ұсынды.*

*Үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі С.Уразбаева 2021-2022 оқу жылында жұмыс жүргізу ерекшеліктерімен, әдістемелік нұсқаухатпен таныстырды. Биылғы оқу жылының басты ерекшелігі- өткен оқу жылы карантин шараларына байланысты қашықтықтан оқу болғандықтан, олқылықтарды жою-басты мәселе екенін айтты. Соған орай, оқу жылының алғашқы аптасында барлық сыныптардан бастапқы бақылау жұмыстары алыну керектігі, оның диагностикалық талдауы жүргізіліп, соған сәйкес, меңгерілмеген тақырыптар бойынша қосымша күнтізбе жасалынып, сенбі күндері, демалыс кезінде және сабақтан кейінгі уақыттарды меңгерту керектігі айтылды.*

*Келесі кезекте  әр мұғалім өзінің авторлық бағдарламасы мен жүргізетін ғылыми жоба тақырыптарын ұсынды. Сондай-ақ, биылғы оқу жылында өткізетін іс-шаралары мен әдістемелік, шығармашылық жұмыс тақырыптарын айтып, мерзімі белгіленді.*

*Төртінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Баймаханова бірлестіктің апталық өткізу мерзімін хабарлады. Бірлестік мүшелерінің қолдауымен 8-14 желтоқсан  аралығында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесіне орай «Тәуелсіздіктің таңы » тақырыбында апталық өткізуге бірауыздан шешім қабылданды.*

*Соңғы мәселе бойынша 9-сынып мұғалімі Д.Смайлов ББЖС-ға , 11-сынып мұғалімі С.Уразбаева ҰБТ бойынша дайындық жоспарымен таныстырып бекітуге ұсынды. ББЖС және ҰБТ бойынша қосымша кесте жасалып, сабақтар өткізуге, тест жұмыстарын талдауға,  мектепішілік семинар ұйымдастыруға ұсыныс айтылды.*

*Қаулы:*

*1.Өткен оқу жылының талдау жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.*

*2. Мұғалімдердің тақырыптық күнтізбе жоспарлары бекітуге ұсынылсын.*

*3. 2021-2022  оқу жылында  әрбір мұғалімге  ӘНХ-ты басшылыққа алып жұмыс жүргізу жүктелсін.*

*4. Бірлестіктің әдістемелік жоспары бекітуге ұсынылсын.*

*5. 2021 жылы 8-14желтоқсан аралығында бірлестік апталығы жүргізілсін.*

*6. 9,11-сынып бойынша ББЖС және ҰБТ -ке дайындық жоспарлары дұрыс деп табылып, бекітуге ұсынылсын.*

*Бірлестік төрайымы:* *С.Уразбаева*

*Хатшы:* *А.Анасова*